



**«Өнерлі ұрпақ- кемел болашақ»
атты дизайн пәнінің онкүндік есебі**

**Бірлестік жетекшісі:
Көкетай Ажар Әділбекқызы**

01.03.2023-10.03.2023 ж

Бүгінгі ғылым мен техниканың қарқынды дамып, еліміздің экономикасы өсіп, үкімет үдемелі индустрияландырудың керемет жобаларын жүзеге асырып отырған кезеңде оқушылардың компьютерлік сауаттылық деңгейіне қойылатын талап та жоғары. Болашақта білімді ұрпақ керек, ал білім кілті – барлық нақты ғылымдардың негізін меңгеруде. Себебі компьютерлік сауаттылығы жоғары әрі ойлау қабілеті дамыған бала ғана ғылым мен техника тілін табысты меңгере алады. Әр баланың жеке бір ғылымға деген қабілетін ескере отырып оқыту, оны дамытудың барлық мәселелерін шешетін дайын әрі керемет әдістеме болуы мүмкін емес. Оқушылардың бойында білімге деген қажеттілікті сезіну, білім алу үшін өз бетінше іздену, жаңашылдыққа ұмтылу қасиеттерін тәрбиелеу-сабақта ғана емес, сыныптан тыс жұмыстарда да жүзеге асырылуы керек. Осындай жұмыстың маңызды бір бағыты - пәндік апталық болып саналады.

Апталықтың мақсаты мен міндеттері нақтыланған соң, аптаның әр күні әртүрлі жұмыстар атқарылып отырды. Әрине бұл пән мұғалімдері тарапынан өте үлкен ізденіс пен шығармашылықты талап етеді. Біздің пән бірлестігінің әр мүшесі осы талап үдесіне шыға біліп, өз шығармашылықтары мен шеберліктерін көрсете білді. Атап айтсам: «Информатика- ақпараттар ғылымы» - күні деп аталған сейсенбі күні информатика пәні мұғалімі Далабайқызы Индира өз сабағында әр баланың компьютерлік бағдарламаны жете меңгеруімен қатар шығармашылық ізденісінің де дамуына жол ашудың әдіс-тәсілдерін жоғарғы дәрежеде әріптестеріне таныстырды. Ал, апта бойы әр бала логикалық есептер байқауына берілген есептерге жауап тауып, өз білімі мен логикалық ойлау қабілетін танытуға мүмкіндік алды. Бұл байқауда үздік шыққан оқушы арнайы грамоталармен марапатталды.

Наурыз айының 01-10 күндер аралығында гимназиямызда дизайн және арт пәндер онкүндігі өткізілді. Апталықтың жоспары әдістемелік бірлестігінің отырысында қаралып талданды және бекітілді.

№	Өткізілетін іс-шаралар	Өткізу мерзімі	Өткізу түрі Сыныптар	Жауапты
1	«Қиял әлемі» жеке шығармашылық көрмесі	02.03.2023 Холл	Каратаева Айдана 7 «Б» сынып оқушысы	Сапарова Н.И.
2	«Ең тапқыр» интеллектуалдық сайысы	03.03.2023 14:00-де 205каб	4 сыныптар	Құрманғазықызы М.
3	«Digital design» Интеллектуалдық сайысы	06.03.2023 <u>14:15-те</u> <u>кітапхана</u>	6 сыныптар	Азамат А. Көкетай А.Ә
4	«Scratch-	Апта бойы	4 сыныптар	Мукушев Ж.Е.

	бағдарламау» шығармашылық байқауы			Құрманғазықызы М.
5	«Қызықты информатика» интеллектуалдық сайысы	09.03.2023 14:00-де <u>205а қаб</u>	3 сыныптар	Далабайқызы И.
6	«Эйнштейн party kids» интеллектуалдық ойыны	09.03.2023 Сағ: <u>14:00-де</u> кітапханада	7-9 сыныптар аралығында	Өмірзақ И.А., Мукушев Ж.Е.
7	«Speed typing» Компьютерде орындалатын тапсырма	Апта бойы	7-8 сыныптар	Өмірзақ И.А.
8	«Үздік логотип байқауы»	Апта бойы	7 сыныптар	Көкетай А.Ә.
9	«Жас мобилограф» жарысы «Менің мектептегі бір күнім»	Апта бойы	5 сыныптар	Азамат А.
10	«Fantasy world» ертегі кейіпкерлерін жасау (сайыс)	Апта бойын	6 сыныптар	Мананбаева У

Апталық барысында мұғалімдер ұйымдастырған іс-шаралар заман талабына сай өтті, соның ішінде интеллектуалды сайыстар, логикалық сұрақтар сайысы, көшбасшы, дара жол, коучинг т.б. сыныптан тыс іс-шаралар.

Онкүндік барысында бірлестіктің құрамындағы бес мұғалім бірлесе жұмыс атқара отырып, онлайн және офлайн ашық сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар, ұйымдастырды. Сабақ барысында жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді мұғалімдер қолдана отырып, өте ұтымды, жаңашыл сабақтан тыс іс-шараларды өткізді. Сабақтан тыс іс-шаралар барысында тақырыптарын ашып, мақсаттарына

жетіп отырды. Жоғары деңгейде дайындалып, ұтымды жұмыстар өткізген Далабайқызы И., Мукушев Ж.Е., Көкөтай А.Ә., Өмірзақ И.А., Құрманғазықызы М., Азамат А., ұстаздардың сабағынан жаңашылдықты, оқушымен мұғалім арасындағы жақсы қарым-қатынасты, тиімді жаңа әдіс-тәсілдерді көруге болады. Сабақ мақсаттан басталып, сабақ барысында тиімді қолдана отырып, оқушыны бағалауды пайдаланды. Сабақ бөлімдеріне критерийлер қоя отырып, жақсы нәтижеге жетті. Оқушылардың білім деңгейінің нәтижесі анықталды. Сабақ барысында оқушының өзін-өзі бағалауы жиі көрініс тапты. Мұғалімдердің кері байланыспен үнемі жұмыс жасайтындығы көрінді.

01.03.2023 ж күні дизайн және арт пән бірлестіктерінің ашылуы онлайн түрде өтті. Мектеп чаттарына барлық хабарландырулар жіберіліп, онкүндік жоспары таныстырылды.



«Жас мобилограф»

жарысы. «Менің мектептегі бір күнім» тақырыбы бойынша 5 сыныптар арасында онлайн конкурс ұйымдастырылды. Конкурста мектептегі бір күнін видеомен көрсетіп, қорғайды. Конкурста қатысуға барлық 5 сыныптар жұмылдырылды. Жеңімпаз 5 «Г» сыныбының оқушысы Тлешева Мадина алды. Бас жүлде грамота және 5.000 теңгені жеңіп алды.



2023 жылдың 03.03. күні 4 сыныптар арасында «Ең тапқыр» интеллектуалдық сайысы өтті. Сайысты ұйымдастырушы информатика пәні мұғалімі Құрманғазықызы Мөлдір. Сайыс өте қызықты болды. Оқушылар топтарға бөлініп, топта тапсырма орындады.



Апта бойына 7-8 сынып оқушыларына арналған «Speed typing» атты компьютерде тез жазып үйренуге арналған сайыс өткізілді. Сайысты ұйымдастырушы информатика пәні мұғалімі Өмірзақ Ислам Аманжолұлы.



09.03.2023 күні 7-8 сыныптарға арналған «Эйнштейн party kids» интеллектуалдық ойын жарысы өтті. Бұл іс-шараны ұйымдастырған Мукушев Жанарбек дизайн бірлестігінің ұстазы болды. 7-8 сынып оқушылары қызықты ойынға белсенді түрде қатысты. Әділ қазылар мүшелері болып мектебіміздің директордың ғылыми ісі жөніндегі орынбасары Кусайнова З.Т., РҮР бағдарламасының бас координаторы Идрис Маржан Қайратқызы болды.



Әділ қазылар әділ бағасын беріп, жарыс соңында оқушылар марапатталды.

06.03.2023 ж ұйымдастырылған «Digital design» интеллектуалдық сайысы 4-5 сыныптар арасында болды. Оқушылар сайыс барысында цифрлық техника құралдарын пайдалана отырып, жоба қорғады, қызықты тапсырмалар орындады. Екі топқа бөлініп, балл есептелетін сұрақтар қойылды.

09.03.2023 күні 4 сыныптар арасында «Қызықты информатика» интеллектуалдық сайыс ойыны өтті. ІВ барлық талаптары мен критерийлері орындалды. Оқушылар ойынға қызығушылықпен қатысты.

7 сыныптар арасында ұйымдастырылған үздік логотип байқауы өз мәресіне жетті. Белсенділік танытқан оқушылар грамоталармен марапатталды. Оның ішінде 7 «Б» сынып оқушысы Каратаева Айдана I орын, 7 «Ә» сынып оқушысы Ахметова Нұрай II орын, 7 «В» сынып оқушысы Баймырза Інжу және 7 «А» сынып оқушысы Абдулла Арслан III орындарға ие болды.

01.03-10.03.2023ж аралығында «Өнерлі ұрпақ- кемел болашақ» тақырыбында өткен дизайн және арт пәндер бірлестігінің онкүндігі ойдағыдай аяқталды. Онкүндік барысында бірнеше іс-шара өткізіп, ат салысқан дизайн пән бірлестігінің ұстаздарына алғыс айтамын. Осындай іс-шара №81 «Astana English School» мамандырылған гимназиясының дизайн пән мұғалімдерінің бастауымен жоғары деңгейде өткізілді.